

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің несиелік қайтару мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1199

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тауар кредитін беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 24 наурыздағы N 336 қаулысына сәйкес Ішкі істер министрлігінің мекемелері алған 8234,4 мың (сегіз миллион екі жүз отыз төрт мың төрт жүз) АҚШ доллары сомасындағы несиелік ресурстарды қайтару мерзімі 2001 жылдың маусымына дейін ұзартылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ішкі істер министрлігі берешекті 1999 жылдан бастап өтеуді көздей отырып, 8234,4 мың (сегіз миллион екі жүз отыз төрт мың төрт жүз) АҚШ доллары сомасындағы несиелік ресурстарды қайтару туралы 1997 жылдың 1 тамызына дейін мерзімде тиісті келісім жасассын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті несиелік ресурстардың пайдаланылуы мен қайтарылуына жыл сайын бақылау жасайтын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары